

кезенде (VI-VIII ғғ. бірінші жартысы; VIII ғ. екінші жартысы - XI-XIII ғғ. бас) салынған бекініс (замок), қамалдар, мұнаралар, салтанатты сарай кешені, алаңдар, қақпа, монша т.б. құрылыс қалдықтары ашылды» [4, 376]. Тарихи деректерге сүйенсек, VIII ғасырдың I-жартысында Шу және Баласағұн қалалары Түркеш қағанатының құрамына енген. Олай болса, Шу қаласының тарихы VIII ғасырдың I жартысынан басталады деп айтуға толық ғылыми негіз бар екендігін У. Х. Шәлекенов дәлелдеді. Шу қаласы 12 ғасыр өтсе де өзінің алғашқы атын сақтап келе жатқан тарихи ортағасырлық қалалардың бірі. Өткен жылдар ішінде археологтар Баласағұнның көптеген сырын ашып, одан табылған құнды деректер халқымыздың ортағасырлық тарихын жазуда үлкен мағлұмат береді. Талай сырлар әлі де ашылмақ. Бұдан бұлай ғылыми тұрғыдан Баласағұн деп жариялап, ол қаланы Жібек жолындағы ең ірі туристердің баратын тарихи жеріне айналдырып, осы арада Баласағұн қорығын ұйымдастыру - болашақтың ісі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шәлекенов У.Х., Құм басқан қала. – Алматы: Қазақ университеті, 1992
2. Шәлекенов У.Х., V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2007
3. Дулати М.Х., Тарих-и Рашиди., - Алматы: Тұран, 2003
4. Шәлекенов У.Х., Баласағұнның жұмбағы шешілді. – Алматы, 2004
5. Қашқари М., Түрік сөздігі. – Алматы, 1997
6. Бартольд В.В., Баласағұн. Соч. Т. III. М., 1965

ҰЛЫ ДАЛА ТӨСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХ

Қырғызбай Н.Ж.,

Ғылыми жетекші: ф.с.ғ.к., доцент Сағатова А.С.
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Ұлттық рух дегеніміз не? Ұлттық рух – елдің арман – мұраттары, тұтастығы, қайталанбас қасиеті, ділі, мінезі.

Ұлттық рухты көре алмаймыз, ұстай алмаймыз. Рух біздің ақын – жырауларымыздың шығармашылығында, данагөй бабаларымыздың ой – танымында ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұра арқылы өз көрінісін береді.

Ұлттық рух үнемі өзгеру және жаңдану үстінде. Әр ұлттың рухы сол елдің, жердің дүниетанымына, көзқарастарына, мәдени – мұраттарына, мінезіне тікелей байланысты. Мұрат–мүдделердің қалыптасып, шындалуы үздіксіз болатын үдеріс және оның жарық шашып, нұрлануы өміршендігін көрсетеді.

Ұлттық рух қандайда бір қиындық сәттерде адамзат баласына бой көрсетер күш, жігер береді. Әрі рухани мұралардың ерлікке, елдікке шақырып, бұғаудан босануға, жарқын болашаққа бет түзеу үшін маңызы зор.

Ұлттың рухани байлығы оның сөз өнерінде байқалады. «Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды», - деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, ұлттық рухтың бедерленуі халық шығармашылығында кең құлаш жайды [1, 79 б.].

Қазақ даласының мәдениеті мейлінше терең дәстүрі бар аса күрделі және көп қыртысты құбылыс. Тек осы тәсілмен ғана мәдениет саласында «өзіндік ерекшелікті» тап басып тануға болады. Оған дәлел әлімсақтан бері – Бейбарыстан Бабырға дейін, Елтеміштен Шоқанға дейін, қазақ мәдениеті біздің түркі бабаларымыздың мәдениеті сияқты, қандай әсер – ықпалды бастан кешірсе де томаға тұйықтыққа бейімделмеген, ұдайы жаңғыру үдерісін бастан кешіріп отырған.

Қазақтардың тарих-мәдени болмысының тек–тамыры мейлінше тереңде. Ондай тек–тамыр алғашқы қазақ хандығы құрылған кезеңмен шектелмейді. Қазақтардың тарихи тұрақталығы, төл тұрағына бауыр басуы әр түрлі тарихи кезеңдерде айрықша рөл атқарған. Барша қазақты атамекенінен кіндік үзуге мәжбүрлейтін күш бұл дүниеде бола қоймас. Ондай күш демографиялық та, миграциялық та, мәдени де тұрғыдан нәтиже бермейді.

Жалпы бабалар дәстүрі тек кіндік тамған жерімізбен шектелмейді, одан да арғы Үнді мен Ніл, Еділ мен Дон жағалауларына қазақ даласының рухын жеткізген бабаларымызбен де өз жалғасын табуда.

Ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп берген әйгілі тұлғалардың, мемлекет қайраткерлерінің тұтас легі біздің көз алдымызда.

Қазақтың ұлттық тұтастануы үшін табан түзейтін негізгі идеялық тұғыр біршама айқын. Бұл дербес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамыту және нақтылы әрекетке ұластыру. Бұл – дербестік Қазақстанның аумақтық тұтастығы. Ең кереметі тарихи өлшеммен қарағанда Тәуелсіздігімізге жиырма бес жыл ғана болса да, ал қалыптасқан сан ғасырлар тұңғиығымен тамырласып жатыр.

«Сан ғасырлар бойы рухани төлтумалықтың Темірқазығы тек зиялылар ғана емес, бұқара халықтың өзі болып отырған. Мұндай құбылыс әлемдік тарихта мейлінше сирек кездеседі» [2, 29 б.].

«Қазақ даласының дүйім жұртында кең құлашты тарихи сана болған, себебі бұл даладағы әрбір жұмыр басты пенденің жады бала кезінен ауызша айтылатын қисапсыз мол дерекке әбден жаттығып, көз қанық болып өскен. Халық тарихын түсініп – білу әрбір адамның өз басындағы сезім түйсікпен астасып отырған» [3, 3 б.].

«Жағдайға орай қазақтардың бұқаралық санасы ұдайы ақыл – парасатты басшылыққа алып, әбден сыннан өткен аталы сөзге ден қойып отырған». [4, 32 б.].

Нәтижесінде біртұтас отбасы сияқты ұлттың біртұтас зердесі қалыптасып, тек қазіргі замана тұрғысынан ғана емес, жадында сақталған баяғы ата – бабалары да ұрпақтар санасында рухани жалғастығын тапқан. Халықтың мұндай зердесі әрбір дана тұлғаның тарихты айқын елестетіп, жан жүрегімен сезініп отыруына себепші болған.

Сол себептен де, бұл жерде тарихтың тереңіне бойлаған сайын бабалардың басынан кешкендері ұрпақтан ұрпаққа дастан, әфсана тұрғысында жалғасып отыратынын қаперде ұстау қажет.

Ұлттық діл – этностың рухани мінез – құлқы, жалпы танымдық болмысының айнасы. Сондай-ақ, діл халықтың өзіндік бет-бейнесін басқа ұлттық құрылымдардан ерекшелендіру болып табылады. Сол арқылы адамдардың әлеуметтік ұстанымы, ұлттың бірлігіне белсенді қарым – қатынасы пайда болады. Діл, яғни менталитет – адамдардың белгілі бір бірлестіктеріне тән, нақты бір тарихи – мәдени ортада құрылған мінез, салт – дәстүрлердің біркелкі сипатын білдіретін ұғым. Діл мәдени бірегейленуімен және тұлғаның өзін – өзі белгілі бір менталитетте сезінуімен байланысты.

Адам баласына туғанынан бері құндылықтар жүйесі саналарына құйылады. Әр этностың тұрақтылығы, дүниетанымы әмбебап болады. Ділді оған табиғаты ұқсас мәдениет пен ұлттың мінезден ажырата білген жөн. Өзгермелі ортада тұрақтылы тарихтын сақталуын жүзеге асыратын мәдениет болса, ал таңбаларды, ескерткіштердің пайымдалған жүйесін құрайтын діл болып табылады. Ұлттық мінез – құлық, мәдениетпен бірге, адамдардың қайталанбас, табиғи, психологиялық ерекшеліктері арқылы көрініс табады.

Ұлтын сүю – жеке тұлғаның туған жеріне, ұлтына адал ниеті, мемлекеттің күш – қуатын, өміршендігін, тұтастығын қорғайтын рухани тірегі. Ал ұлттық тәрбие – ұлт, ұлттық тіл, ұлттық сана, ұлттық мінез – құлық, ұлттық намыс, ұлттық әдет – ғұрып, ұлттық салт – дәстүр, ұлттық мәдениет т.б. ұлттық қасиеттердің ерекшеліктерін көрсететін ұлттық тәрбиенің бір түрі.

Халқымыздың эпостық шығармаларының да жас ұрпақтың өз еліне, жеріне сүйіспеншілігін оятуда орны ерекше. Қазақ эпостарында еңбексүйгіштік, отансүйгіштік, рулар мен тайпалардың өзара ізгілік қатынастары, ата-анаға, аға буын өкілдеріне құрметпен қарау, адамгершілік, батылдық, балаларға қамқорлық, мейірбандық, туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілік қырланады.

Мәселен, батырлар жырында («Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» т.б.) батырлардың туған елі, жері үшін басқыншыларға билеушілерге қарсы ұлы қаһармандық істері, мінез – құлқындағы ең ізгі қасиеттер: ел табиғатына деген

сүйіспеншілік, халқына деген құрмет, туған бауырларына, жақын адамдарына бауырмашылық, теңдесі жоқ ерлік, халқына шексіз берілгендік, туған елі үшін өзін құрбан етуге дайын тұрушылық кеңінен ашылып көрсетіледі.

Сондай – ақ, ізгілік пен патриотизм, ержүректілік пен адамшылық, аға мен інінің қарым – қатынасы, батырлардың жақын адамдарына қамқорлығы, бірлік пен татулық, ел мен елдің достығы т.б. батырлар жыры мазмұнының негізгі өзегі саналады. Мұның бәрі – адамның бойына ұлттық рухты сіңіруге бірден – бір әсер ететін факторлар.

Батырлар жырының негізгі идеясы – отансүйгіштік, ұлт жанашырын ұлықтау. Қазақ жұрты туған елін, өскен жерін, өз халқын қорғайтын батырларды адамгершілігі мол ұлы бейне ретінде сомдап, қалың жұртшылыққа үлгі – өнеге ете білген.

Халықтың асыл арманы мен биік мұратын, баянды болашағын бейнелейтін озық ой, сұлу да сырлы сөз. Асыл сөз азбайды, ескерілмейді, өлмейді. Әрдайым келешек күндермен табысып отырады. Мұндай сипат, әрине, қазақ ақын – жыраулары шығармашылығына тән. Оларда да өз дәуірінің шежіресін айқын баяндайтын, суреттейтін асыл сөз оралымдары аз емес.

Сонымен, «қазақ әдебиетінің тарихындағы аса бір айтулы мұра, тот баспас асыл, ағынды да арналы сала – жыраулар поэзиясы» [5, 151 б.].

Мұхтар Мағауин бұл жөнінде өз пікірін былай білдірген: «Халықтың рухани өмірінде жетекші орынға шыққан поэзия әлденеше ғасыр бойы қазақ әдебиетінің жай ғана көшбасшысы емес, ең басты жанры қызметін атқарды. Ал осы кезеңдегі қазақ поэзиясының ең ауыр жүгін көтерген, сөз өнерінің жетекші өкілдері – жыраулар болды. Қазақ жыраулары XV-XVIII ғасырлар шегінде бүкіл әлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұра жасады» [6, 163 б.].

Жалпы жырау дегеніміз кім? Жырау – ең алдымен ақын, өз жанынан өлең шығарушы, жырау – өз қоғамының басты идиологы. Ол – елдің ақылшысы, өз елінің биі, рухани тірегі, батагөй, ақсақалы. Елді билеуші ханның ақылшы уәзірі. Оның сөзі өткір, өтімді, асыл. Міне, қазақтың кеменгер жыраулары ақылгөй абыз Асан Қайғы, қарға бойлы Қазтуған, Азаулының ер Доспамбеті, сөз зергері Шалкиіз, көмекей әулие Бұқар, жорықшы жауынгер жырау Жиёмбеттер осындай нағыз жыраудың бойындағы қасиетке ие. Олар шығармалары негізінде қазақ халқының қилы кезеңдердегі тағдырын, ел басқарған ұлы хандар тұлғасын, халықтың азаттығы мен ар – намысын қорғаған батыл да өжет батыр бейнелерін жырлап өтті. Яғни жыраулар – жазылмай кеткен тарихымыздың бас иесі, сақтаушысы. Өздері жасаған дәуірдің тарихын жыр өрнектері арқылы кейінгіге жеткізуші, елге рух беруші.

Қазақ аңыздарында Асан Қайғы жайында «бұл қария қашан да ханға жағынбай, жарамсақтанбай тура сөйлеуші еді» [7, 29 б.], - делінген, бұл, әрине, барлық жырауларға айтылған сөз. Мысалы, Асан Қайғы Жәнібек ханға:

«Ай, хан, мен айтпасам білмейсің
Айтқаным көнбейсің ...», -

деп, хан қаһарынан тайсалмай, шындықты бетке баса сөйлеп, «қымыз ішіп қызарған ханды» жөнге салмақ болады.

Шалкиіз жырау Би Темірге:

«Тең атаның ұлы едің,
Дәреженді артық етсе, тәңір етті», -

деп, жүрегі шіміркенбестен Би Темірге «сен кім едің?» дегендей өктем тіл қатады.

Жиёмбет жырау:

«Қалмақтың Бөрі ханы келгенде
Сонда бір жайдақ мінгенсің...
Менімен, ханым, ойнаспа», -

деп, Ер Есім ханға сонау бір алыстағы, ұмыт болып кеткен ескі «жараның» аузын ашып, ханның сасып, қарашаның қашқан кезін, сонда бір ер-тоқым, айыл-тұрмансыз байталға мінгеніне дейін тәптіштеп, қорықпай салмақты сөз саптайды. Немесе:

«Ей, Қатаған ханы Тұрсын ...
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсың», -

дейді, өткір бір бет ақын Марғасқа. Әрине, мұндай хан алдында сөз айту, тек Марғасқа сияқты жүрек жұтқан жыраулардың ғана қолынан келген.

Сол сияқты Бұқар, Тәтіқара, Көтештер де Абылай ханды да мақтап, жақтап қана қоймаған, сонымен қатар сынаған да, мінеген де, қателігі болса бетіне басқан. Ол туралы С.Мұқанов Бұқар шығармаларының көпшілігі Абылай ханға арналғандығын көрсете отырып, «ол Абылайдың мақтаушысы ғана емес, сыншысы да болған» [8, 392 б.], - дейді.

Асан, Қазтуған, Доспамбет, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Бұқар жыраулардан жеткен жыр өрнектері өздері өмір сүрген дәуірдің бар шындығын, тарихын кейінгіге жеткізді; ел қорғаған батыр бейнесін суреттеп берді; ел арман мен үмітін, қуанышы мен қасірет – қайғысын дәл бере білді; ұрпағын афоризмге толы жырларымен жамандықтан сақтануға шақырды, жақсылыққа баулыды; ең бастысы қазақ поэзиясын мән, мағына, мазмұн, көркемдік сапа жағынан тереңдетіп биіктетті.

«Жырау – сөз жоқ, ақын. Ақын болмай, жұрт қадірлейтін жырау атану мүмкін емес. Ақындығы күшті жыраулардың жалынды жырлары үнемі жаңғырып, кейінгі ұрпаққы сиқын бұзбай көрікті күйде жетіп отырады. Ал жыраулық – ертеден келе жатқан халық поэзиясының үлкен бір дәстүрлі саласы» [9, 38 б.], - деп Ә.Тәжібаев айтқандай, жыраулық дәстүрдің әдебиет тарихындағы орны ерекше бөлек.

«Бұлар тарих толқынындағы мәдениетіміздің кіндік тұлғалары. Олардың мәдениетіміз үшін мән маңызына шәк келтіруге әсте болмайды» [10, 179 б.].

Сонымен ұлттық рух дегеніміз не? Ата – баба мұрасы, тәуелсіздікті аңсап, қол жеткізуге итермелейтін биік сезім. Ол ақындар, хандар, батырлар, данышпандар, қайраткерлеріміз, тәуелсіздік үшін күрескерлер. Ұлттық рух ол қазақ елі! Ол біз!

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 2014.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 2003.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 2003.
4. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 2003.
5. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Оқу құралы. – Алматы, 2002.
6. Садиков Қ. Ақын – жыраулар. – Алматы, 1974.
7. Есенберлин І. Жанталас. – Алматы, 1973.
8. Есенберлин І. Жанталас. – Алматы, 1973.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1964.
10. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 2003.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘДИТШІЛІК ТАРИХНАМАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мейрамбеков А.К.,

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Өскембаев Қ.С.

Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды мемлекеттік университеті

XIX-XX ғасырлар тоғысындағы мұсылмандардың арасындағы ірі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі жәдитшілік тарихы, отан және шөл ел тарихшыларының зерттеулерінде ерекше орынға ие.

Жәдитшілік – исламдағы жаңартылған ағым, оның өкілдері мұсылмандар өмірін қазіргі заманның жаңа бағыттары мен талаптарына сай реформалау мен бейімделуге шақырды. Алғышқы кезде мұсылмандық білім бері жүйесін қайта құру үшін пайда болған қозғалыс, жәдитшілік 1905-1907 жылғы оқиғаларға байланысты өзінің артынан қоғамды ертіп жүре алатын мықты саяси күшке айналды.

Ресейлік мұсылмандардың қоғамдық өмірінің барлық салаларында реформалардың қажеттілігін айтқандардың біріншісі, ірі қоғамдық қайраткер, педагог және публицист